

## БИЛІКТІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

<sup>1</sup>Е.С. Күмісходжаев, <sup>2</sup>А.Ж. Ержанова

### АНДАТПА

Мақалада адамзат өркениетінің даму тарихында өзектілігін ешқашан жоғалтпаған биліктің трансформациясы және философиялық қырлары талданады. Автор билік ұғымының мәнін ашу арқылы оның қоғамдық институттар мен азаматтық-құқықтық қатынастар жүйесіндегі орны мен маңызын, сондай-ақ мемлекеттілік пен қоғамдық құрылымдар аясындағы рөлін сипаттайды.

Зерттеуде билік құбылысын талдаудың заманауи ғылыми-теориялық тәсілдері мен әдістері қолданылып, осы саладағы негізгі тұжырымдамалық проблемалар айқындалады. Мақалада биліктің институционалдық (формальды) және мазмұндық (құндылықтық, символдық) сипаттары кеңінен ашылады. Сонымен қатар, биліктің түрлері, феноменологиялық формалары мен мағыналық деңгейлері жүйелі түрде сипатталып, қазіргі заман жағдайындағы билік қатынастарын түсінудің ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу барысында биліктің ішкі құрылымын және оның саяси жүйелер мен әлеуметтік кеңістіктегі көріністерін талдау негізгі әдістемелік ұстаным ретінде ұсынылады.

Мақалада билікке объективті сипаттама беру арқылы қоғамдағы бағыну, әлеуметтік иерархия және өзара әрекеттестік қатынастардың қалыптасу тетіктері айқындалады. Сонымен бірге, билік туралы ұғым мен оның түрлері жөнінде ғылыми негізделген ақпарат ұсыну арқылы бұл ұғымның адамдар арасындағы қарым-қатынас жүйесіндегі орны мен ықпалы талданады.

**Түйін сөздер:** билік, бағыну, айдаһардың символы, әлеуметтік теория, билік феномені, билік философиясы.

<sup>1</sup> Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент:*  
Күмісходжаев Е.С.,  
yerbolkumis@gmail.com

*Сілтеме:*  
Күмісходжаев Е.С.,  
Ержанова А.Ж. Биліктің трансформациясы және оның философиялық аспектілері // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 29-38.

### Трансформация власти и ее философские аспекты

**Аннотация.** В статье анализируются трансформация и философские аспекты власти, не теряющего своей актуальности на протяжении всей истории развития человеческой цивилизации. Автор, раскрывая сущность понятия власти, обозначает ее значение в системе общественных институтов и гражданско-правовых отношений, а также ее роль в контексте государственности и общественных структур.

В исследовании используются современные научно-теоретические подходы и методы анализа феномена власти, при этом выявляются ключевые концептуальные проблемы данной области. В статье подробно рассматриваются институциональные (формальные) и содержательные (ценностные, символические) характеристики власти. Также системно описываются типы власти, ее феноменологические формы и смысловые уровни, что позволяет всесторонне проанализировать особенности восприятия властных отношений в условиях современности.

В качестве основного методологического подхода предлагается анализ внутренней структуры власти, а также её проявлений в политических системах и социальном пространстве.

Объективное описание феномена власти позволяет выявить особенности процессов подчинения, социальной иерархии и формирования общественных отношений. Кроме того, подчеркивается значимость научно обоснованного информирования общества о сущности и типах власти как фактора, способствующего пониманию ее роли в системе межличностных взаимодействий.

**Ключевые слова:** власть, подчинение, символ дракона, социальная теория, феномен власти, философия власти.

### The Transformation of Power and its Philosophical Aspects

**Abstract.** The article analyzes the transformation and philosophical aspects of power — a phenomenon that has retained its relevance throughout the history of human civilization. By revealing the essence of the concept of power, the author highlights its significance within the system of social institutions and civil-legal relations, as well as its role in the context of statehood and social structures.

The study employs modern scientific and theoretical approaches and methods for analyzing the phenomenon of power, identifying key conceptual problems in this field. The article provides a detailed examination of the institutional (formal) and substantive (value-based, symbolic) characteristics of power. It also systematically describes the types of power, its phenomenological forms, and levels of meaning, allowing for a comprehensive analysis of how power relations are perceived in contemporary conditions.

As a primary methodological approach, the analysis of the internal structure of power and its manifestations in political systems and social space is proposed.

An objective description of the power phenomenon makes it possible to identify the specific mechanisms of subordination, social hierarchy, and the formation of societal relations. Furthermore, the article emphasizes the importance of scientifically grounded public awareness regarding the nature and types of power as a factor contributing to a deeper understanding of its role in interpersonal interaction systems.

**Keywords:** Power, Subordination, Dragon Symbol, Social Theory, Phenomenon of Power, Philosophy of Power.

### ***Kіpіcne***

Билік феноменінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және гуманитарлық салаларға ықпалы ерекше. Ол қоғамның құрылымдық дамуына, азаматтық-құқықтық қатынастардың қалыптасуына, әлеуметтік өзара әрекеттестік пен индивидтің қоғамдағы рөлін айқындауға тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, билікті тек саяси механизм ретінде ғана емес, сонымен қатар философиялық категория ретінде қарастырудың маңызы зор.

Әртүрлі тарихи кезеңдердегі саяси жүйелер мен қоғамдық сана деңгейі билік феноменіне деген көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде биліктің мәнін, формаларын және іске асу тетіктерін түсінуге жаңа әдіснамалық мүмкіндіктер ұсынады. Жаңа саяси жүйелер мен институттардың пайда болуы билікті қабылдаудың жаңа парадигмаларын тудырып, оның табиғатын қайта пайымдауға негіз болады.

Гуманитарлық ой тарихында билік ұғымы философиялық-теориялық тұрғыдан зерттеу нысанына айналды. Бұл – билікті тек институттық құрылым ретінде емес, сонымен қатар символдық, идеологиялық және мәдени феномен ретінде зерделеудің қажеттілігін айғақтайды. Билікті саяси-философиялық аспектіде қарастыру арқылы оның әмбебап мәні мен әлеуметтік реттеушілік қызметі ашылады.

Билік құбылысы кез келген қоғам мен мемлекет үшін тұрақты қажеттілік болып табылады. Оның өмір сүру формасы мен іске асуы үстемдік пен бағыну қатынастарының сипатына қарамастан, барлық әлеуметтік құрылымдарға тән. Бұл – биліктің әмбебап, яғни кез келген саяси-әлеуметтік контекстке бейімделе алатын күрделі құбылыс екендігін көрсетеді.

Билік – қоғамдағы тәртіп пен үйлесімділікті қамтамасыз ететін біртұтас жүйе ретінде әрекет етеді. Ол өмір сүру мен даму құралы ретінде оң сипатқа ие. Мемлекет құрылымы да, тіпті кемшіліктері болған жағдайда да, жалпы және жеке мүдделердің, ортақ және дара идеялардың синтезіне негізделеді. Бұл – биліктің институционалдық деңгейде ғана емес, әлеуметтік-философиялық кеңістіктегі мәнін де тереңнен пайымдауға мүмкіндік береді [1, 168 б.].

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың иерархиялық сипаты билік феноменіне деген қызығушылықты арттырып, оның зерттелуін әлемдік әлеуметтік-философиялық және саяси ой тарихымен тығыз байланыстырады. Билік ұғымын талдаудың негізгі теориялық тәсілдері ежелгі дәуірде қалыптаса бастады. Бұл орайда Платон мен Аристотельдің еңбектері ерекше орын алады.

Платон өзінің «Мемлекет» атты диалогында билік пен мемлекеттің мәнін философиялық тұрғыдан қарастырады. Ол идеалды мемлекетті әділеттілік қағидатына негізделіп құрылуы тиіс деп есептеді. Платон үшін әділеттілік – қоғамның әрбір мүшесінің өзіне тән функцияны атқаруы. Осы негізде ол мемлекетті үш негізгі әлеуметтік топқа бөледі: философтар-билеушілер, жауынгерлер, қолөнершілер мен егіншілер.

Платонның пайымдауынша, билікті философтар басқаруы тиіс, өйткені тек олар ғана шынайы болмысты және мемлекет пен оның азаматтары үшін нағыз игілікті тануға қабілетті. Бұл көзқарас билікті тек күш немесе билік жүргізу құралы ретінде емес, ақыл-ой мен танымның нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [2, 115 б.].

Аристотель болса билік феноменін «Саясат» еңбегінде нақты талдауға тырысты.

Ол мемлекет ұғымын жақсы өмір сүруге қол жеткізу мақсатын көздейтін еркін азаматтардың саяси қауымдастығы ретінде анықтайды. Оның көзқарасы бойынша, заң – мемлекеттегі саяси құрылымның іргетасы болып табылады және билік заң негізінде жүзеге асуы тиіс. Аристотель үшін билік моральдық қағидаларға және әділеттілік ұстанымына негізделуі қажет. Ол заңды – биліктің шектен шығуын тежейтін, әділетсіздікке қарсы тұра алатын тұрақты нормативтік кепілдік ретінде қарастырады. Аристотель теория мен практиканы тығыз байланыстыруды ұсынды. Ол теориялық пайымдауларды практикалық ақыл-ой арқылы нақтылау қажет деп есептеді. Бұл тұрғыда билік этикалық және саяси философияның өзекті объектісі ретінде адамның ерікті шешімі мен моральдық бағдарына байланысты қарастырылады [3, 205 б.].

### Әдіснама

Билік феноменін және оның функционалды ауқымын зерттеу барысында бұл мақалада бірқатар кешенді ғылыми әдістер мен тәсіл-дер қолданылды. Атап айтқанда, тарихи және архетиптік, жүйелік, әлеуметтік-қолданылады. Бұл әдіс мәтіндік және тарихи контексттерді терең түсіндіруді мақсат етеді.

Зерттеу барысында билік ұғымын әлеуметтік жүйелерді талдаудың кең тұжырымдамалық схемасы аясында қарастыру көзделді. Осы арқылы билікті қоғам ішіндегі мағына мен қатынастар кешені ретінде пайымдау мүмкіндігі туады. Бұл тәсіл саяси теорияның негізгі ұғымдарын терең түсінуге, сондай-ақ оларды әлеуметтік-философиялық теориялар контекстінде талдауға мүмкіндік береді. Билік феноменінің осы тұрғыдағы зерттелуі оны қазіргі қоғамды теориялық тұрғыдан зерделеудің маңызды элементі ретінде қарастырылады.

философиялық талдау, синтез, диалектикалық, жалпы философиялық, салыстырмалы-тарихи (компаративті), құрылымдық-функционалды, сондай-ақ герменевтикалық әдістер пайдаланылды.

Тарихи және архетиптік әдістер билік феноменінің түрлі форма мен мағынада көрінуінің артында жатқан саяси өзгерістер мен тенденцияларды ашуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер арқылы биліктің архетиптік бейнелері мен тарихи эволюциясы жүйелі түрде талданады.

Жалпы философиялық әдіс билікті қоғамда әмбебап құбылыс ретінде қарастыруға, оның көпқырлы табиғатын түсінуге негіз болады. Бұл тәсіл биліктің мәнін, табиғатын және оны адамның әлеуметтік болмысымен байланыста қарастыруға жағдай жасайды.

Салыстырмалы-тарихи және құрылымдық-функционалды әдістер әртүрлі саяси жүйелер мен басқару модельдерін салыстыра отырып, билік феноменінің негізгі сипаттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер биліктің нақты тарихи контексте қалай құрылатынын және жұмыс істейтінін көрсетуге бағытталған.

Герменевтикалық әдіс ежелгі мемлекеттердегі билік формаларын, олардағы саяси басқару жүйелерінің мазмұнын түсіндіру үшін

### Биліктің түрлері мен қоғамдық өмірдегі маңыздылығы

#### 1 сурет – биліктің түрлері

№	Билік түрі	Сипаттамасы	Артықшылықтары	Кемшіліктері
1	Саяси билік	Мемлекет арқылы қоғамды басқару	Қоғамда тәртіп орнатады, тұрақтылықты қамтамасыз етеді	Бюрократияға бейім, биліктің шектен тыс шоғырлануы мүмкін
2	Экономикалық билік	Қаржы, капитал, өндіріс ресурстарын бақылау	Экономикалық даму мен инновацияны ынталандырады	Табиғи монополиялар мен әлеуметтік теңсіздікке алып келуі мүмкін
3	Әлеуметтік билік	Әлеуметтік топтар арасындағы қатынасты басқару	Әлеуметтік әділеттілік пен қолдауды қамтамасыз етеді	Популизмге немесе артық патернализмге әкелуі мүмкін

№	Билік түрі	Сипаттамасы	Артықшылықтары	Кемшіліктері
4	Мәдени-идеологиялық билік	Қоғамдық санаға, мәдениет пен құндылықтарға ықпал ету	Қоғамдық бірлік пен ұлттық идеологияны қалыптастырады	Пропагандаға, манипуляцияға, цензураға айналуы мүмкін
5	Құқықтық билік	Заң арқылы тәртіп орнату және әділдікті қамтамасыз ету	Қоғамда әділеттілік пен құқықтық тәртіп орнатады	Саяси тәуелділікке түсуі немесе құқықты қасақана бұрмалау қаупі бар
6	Жаңа билік (New Power)	Ашық, көпшілік қатысатын, ортақтасатын, желі арқылы таратылатын билік түрі	Демократиялық, интерактивті, жаңашыл идеялар тез таралады	Бақылау қиын, фейк ақпараттар мен популистік толқындарға бейім

Ежелгі Қытай философиясында билік мәселесі маңызды орын алған. Бұл тақырыпты Шан Янь өзінің «Шан облысының билеушісінің кітабы» атты еңбегінде жан-жақты зерттеген. Бұл трактатта Шан Янь басқару концепциясы мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін заңдар мен қатал жазаның маңыздылығына негізделген басқару жүйесін болуы тиіс деп санайды. Шан Янь мемлекеттегі тәртіп пен әділеттілікті сақтау үшін құқықтық нормалардың орындалуын маңызды деп есептейді.

Қытай ойшылдары Конфуций мен Лао Цзының еңбектерінде мемлекеттік құрылым мен билік мәселелері конфуцийшілдік пен даосизм ілімдерінің негізін қалаушы ретінде кеңінен қарастырылады. Олардың философиясында билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікке ерекше мән берілген.

Әлемнің көптеген халықтарында билеушілердің пайда болуы туралы түрлі мифтер қалыптасқан. Қытай мифологиясында императордың фигурасы құдайландырылып, Аспан мен Жер арасындағы шекараны нақты анықтау қиын болған. Құдай билеушілер әлемді және адамдардың өмірін басқаруда көптеген функцияларды атқарып, жартылай адам, жартылай жануар бейнесінде көрінеді. Билеушілердің шығу тегі туралы ең маңызды мифтер – Ұлы ата-бабалар туралы аңыздар болып табылады, оның ішінде үш Лорд: Ну-ва әйел құдайы және Фу-си мен Шен-Нун еркек құдайлары ерекше орын алады.

Ну-ва адам басы мен жылан денесі бар тіршілік иесі ретінде бейнеленеді. Ежелгі қытайлықтардың нанымдарында жылан өз терісін жаңарта алатындықтан, ол жасару және тіпті өлместікке ие деп есептелген. Ну-ва көптеген функцияларды орындай алған: адамдарды саздан жаратқан, от пен су құдайлары арасындағы шайқаста зақымданған аспанды

қалпына келтірген, адамдарды құбыжықтардан қорғаған және оларға махаббат өнері мен отбасылық қатынастарды үйреткен.

Мифологияда Фу-си идеалды Егемен ретінде сипатталады. Ол адамдарды аң аулауға, тор жасауға және тамақ дайындауға үйретіп, бұрынғы түйін жазуының орнына иероглифтік жазуды енгізген. Фу-си де Ну-ва сияқты адам басы мен жылан денесі бар тіршілік иесінің бейнесінде көрсетіледі. Ал Шен-Нун да идеалды билеуші ретінде қабылданып, алғашқы болып жерді жыртып, адамдарға егіншілікті үйреткен. Оның егіншілік құдайы ретінде бұқаның басымен бейнеленуі осы қызметімен байланысты [4, 135 б.].

Ертедегі мифтер мен аңыздарда Құдайдың мінсіз тұжырымдамасы мен қасиеттілік мотиві жиі қайталанатын. Осы аңыздарға сәйкес, кейбір ата-бабалар ерекше сиқырлы, тылсым күштердің әсерінен дүниеге келіп, олардың билігі аспаннан берілген қасиет ретінде қарастырылады. Мұндай биліктің құдайлануы және оның жоғары аспан күштерімен байланысы Қытай мәдениеті мен саяси дәстүрлерінде терең ұялап, қазіргі заманға дейін сақталып келеді.

Билік феномені - адам мен өмір сияқты тұрақты түрде өзгеріп отыратын, жалпыадамзаттық және әмбебап категорияларға жататын күрделі әрі көпқырлы ұғым. Бұл ұғым өте кең ауқымды, кейде қарама-қайшылықтарға толы болып келеді. Мысалы, ата-ананың балаларға билігі, табиғаттың адамға әсері, мемлекеттің өз тұрғындарына үстемдігі мен ықпалы - биліктің түрлі көріністері болып табылады.

Әлеуметтік қатынастардағы үстемдік пен бағыну заңдылықтары биліктің негізін құрап, қоғамның құрылымы мен даму үрдісін анықтайды. Осы тұрғыдан билік әлеуметтік өмірдің жүйелік компоненті ретінде қоғамдағы

өзгерістер мен процестерді, соның ішінде жаһандану мен қазіргі заманғы қауіптерді болжау мен түсінуге жол ашады.

Үстемдік пен бағыну негізінде құрылған әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың негізгі аспектілерін түсіну әлеуметтік болмыстың мәнін, идеясын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, жаһандану жағдайындағы әлемдік үрдістер мен қауіптерді уақтылы болжауға септігін тигізеді. Билік қоғамдық өмір жүйесінің қажетті құралы ретінде әрекет етеді және оның мәнін зерттеу әлеуметтік өзгерістерді тереңірек түсінуге, билік мәселесінің түп-тамырын айқындауға ықпал етеді.

Билік мәселесі әртүрлі деңгейде жүзеге асады: жергілікті, аймақтық және тіпті жаһандық деңгейде. Мысалы, үстемдік құбылысының жергілікті деңгейі әлі де толық зерттелмегендіктен, ол терең философиялық талдауды қажет етеді. Философияда билік әлеуметтік өмірдің феномені ретінде қарастырылады және ол әлеуметтік қатынастарда өзінің ерік-жігерін немесе ықпалын жүзеге асыру қабілеті ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда биліктің мәнін дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, күш, бедел және басқа да факторлар арқылы үстемдік пен бағыну қатынастары ретінде қарастыруға болады.

Нәтижесінде, биліктің дүниетанымдық тұжырымдамасын қамтитын әртүрлі ақпарат көздерін зерттеу мүмкіндігі пайда болады. Бұл жеке әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарды талдай отырып, қоғамның жалпы даму барысын түсінуге мүмкіндік береді. Осыған орай, мемлекеттің даму мақсаттарының айқын тұжырымдамасының болмауы оның тұжырымдамалық биліктің жоқтығын білдірмейді, керісінше, бұл басқарудың бөтен тұжырымдамаларға сәйкес жүзеге асатынын көрсетеді [5, 129 б.].

Көптеген ойшылдар мемлекеттік және экономикалық билік мәселесіне ерекше назар аударды. Осы бағытта, әсіресе Т.Гоббс, Н.Макиавелли, М.Вебер сияқты философтар мен әлеуметтанушылардың еңбектері маңызды болып саналады.

Т. Гоббстың пайымдауынша, билік тұжырымдамасының үш негізгі контексті бар. Олардың біріншісі - биліктің тұжырымдамалық бұлыңғырлығына қатысты. Бұл тұрғыда билік тек ақпарат тарату немесе шешім қабылдау

құралы ретінде қарастырылып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік қатынастардағы мақсатқа және оған жетудің жалпыланған қабілеті ретінде түсіндіріледі. Яғни, билік – бұл қоғамдағы әртүрлі субъектілердің өз мақсаттарына жету үшін қолданатын жалпы әлеуеті, яғни ықпал ету күші.

Гоббс бұл тұжырымдаманы мемлекеттің негізін түсіндіру барысында қолданады. Оның пікірінше, мемлекеттің басты міндеті – азаматтардың қауіпсіздігі мен тәртіпті қамтамасыз ету үшін биліктің бұл әлеуетін заңды түрде реттеу және шектеу. Осылайша, билік – бұл қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде көрінеді.

Екінші және үшінші контексттері биліктің нақты әрекеттерге көшуі мен оның институттық қалыптасуына қатысты. Гоббс үшін билік – тек рұқсат ету немесе ықпал ету ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты қолдау үшін қажетті күш пен ұйымдастырушылық механизм [6, 32 б.].

Никколо Макиавелли билікті саяси прагматизм мен күштік механизм ретінде түсіндіре отырып, билік иесінің мақсатқа жету үшін кез келген әдісті қолдана алатынын көрсетті. Ол билікті сақтап қалу және нығайту үшін моральдық шектеулерге қарамастан, амал-тәсілдердің маңызды екенін атап өтті.

Макиавеллидің пікірінше, билік зайырлы мінез, жеке және қоғамдық мүдделерге негізделуі керек. Биліктің қажеттілігі өзімшілдікке деген ұмтылысты шектеу. Сонымен қатар, Макиавелли билікті тактикалық деп санайды. Билікті әлеуметтік өмірдің барлық салаларында кездестіруге болады. Билік социумның сыртында емес, қоғамның өзінде өмір сүреді. Саясат - бұл нақты жағдайларға бейімделу мен прагматикалық шешімдер қабылдаудың өнері, ал билік - сол шешімдерді жүзеге асыратын күш пен ықпал. Осылайша, оның еңбектері биліктің табиғатын түсінуде реализм мен прагматизмді алдыңғы орынға шығарды [7, 25 б.].

Макс Вебер билікті әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі негізгі үш түрге бөледі: заңды, дәстүрлі және харизматикалық билік. Ол биліктің легитимдік, яғни қоғам тарапынан мойындалған негіздерін зерттеп, биліктің тұрақтылығы мен өзгеруін осы тұрғыдан түсіндіреді. Заңды билік – құқықтық нормаларға негізделген басқару формасы, дәстүрлі билік

– ұзақ уақыт қалыптасқан әдет-ғұрып пен салттарға сүйенеді, ал харизматикалық билік – ерекше қасиеттері арқылы адамдардың сенімін алған тұлғаға беріледі.

Сонымен қатар, Вебер экономикалық биліктің қоғамдағы рөлі мен оның мемлекеттік билікпен тығыз байланысын ерекше атап өтті. Ол экономикалық ресурстар мен биліктің бір-бірін толықтырып, әлеуметтік құрылымның қалыптасуындағы маңыздылығын зерттеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы теориялар мемлекеттік және экономикалық биліктің өзара әрекеттесуін жан-жақты талдап, олардың қоғамдағы орны мен ықпалын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер билік феноменін кешенді және көпқырлы қарастыруға жол ашады [8, 102 б.].

Ағылшын Лорд Эктон бүкіл әлемге «билік – зұлымдық, абсолютті билік - абсолютті зұлымдық» деген қанатты сөз тіркесін берді.

Мәселен, авторитарлық және тоталитарлық қоғамдарда билік нақты мемлекеттің саяси жүйесі мен индивидтердің ерік-жігерінің бағыныштылығына байланысты болды. Ал, өз кезегінде билік - ерік-жігер қатынастарының даму тенденциясын түсіну арқылы билік қатынастарының мәнін түсіндіруге мүмкіндік береді [9, 135 б.].

Робинсон мен Аджемоглуның «Тар дәліз» атты еңбегінде бостандықтың пайда болуы мен дамуы үшін мемлекет пен қоғамның күшті болуы қажет екені көрсетіледі. Күшті мемлекет зорлық-зомбылықты тежеп, заңдардың орындалуын бақылау және азаматтарға еркін таңдау жасауға, өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін қоғамдық қызметтерді қамтамасыз етеді. Ал белсенді әрі күшті қоғам мемлекетке бақылау жасап, оны тежеуге қабілетті болып табылады.

Авторлардың пайымдауынша, билік пен оның тежемелері мен тепе-теңдіктері жүйесі өздігінен «Гильгамеш мәселесін» шешуге қабілетсіз, себебі сергек және саналы қоғамның болмауы Конституция мен кепілдіктердің тек қағаз жүзіндегі құндылық болып қалуына әкеледі. Еркіндікке апаратын тар дәліз бір жағынан деспотиялық, репрессивті мемлекеттен туындайтын қорқынышпен, екінші жағынан мемлекеттің жоқтығынан туындайтын заңсыздықпен сипатталады. Бұл тар дәліз мемлекет пен қоғамның өзара теңгерімділік орнататын алаңы болып табылады. Аталған қарама-қайшылық тек

революциялық сәтті сипаттамай, екі әлеуметтік институт арасындағы тұрақты әрі күнделікті күресті көрсетеді. Сонымен қатар, бұл күрес екі жаққа да тиімді әсер етеді: еркіндік дәлізінде мемлекет пен қоғам тек қана бәсекелеспей, сонымен бірге ынтымақтастық орнатады. Бұл ынтымақтастық мемлекетке қоғамның қажеттіліктерін тиімдірек қамтамасыз етуге, ал қоғамға мемлекетті бақылау мен реттеу мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды [10, 102 б.].

Кеңес Одағында «билік» категориясы негізінен мемлекеттік билікпен тікелей байланысты қарастырылды және оның мазмұны көбінесе прагматикалық деңгейде түсіндірілді. Бұл кезеңде билік ұғымы материалдық мүдделерді ұйымдастыру және қанағаттандыру құралы ретінде қабылданып, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық үрдістердің аспектісі ретінде қаралды. Сонымен қатар, билік идеологиялық тұрғыдан партиялық басқару мен мемлекет билігінің біртұтастығын қамтамасыз етудің негізгі элементі ретінде түсіндірілді.

Посткеңестік кезеңде билік мәселесі зерттеулердің маңызды объектісіне айналды. Осы саладағы көптеген ресейлік ғалымдар – В.Халипов, К.Гаджиев, А.Юрьев және басқалар – биліктің түрлі аспектілерін, оның әлеуметтік, саяси және экономикалық функцияларын жан-жақты талдап, жаңа әлеуметтік-саяси жағдайларда биліктің мәні мен құрылымын қайта қарастырды. Олар биліктің демократиялық институттардағы рөлін, оның қоғамдағы ықпалын, легитимділік пен билік субъектілерінің өзара әрекеттесуін терең зерттеп, посткеңестік қоғамның билік феноменін түсінудің теориялық негіздерін қалыптастырды.

В. Халипов билікті белгілі бір адамдар мен әлеуметтік жүйелердің басқаларға немесе нәрселерге үстемдік ету қабілеті, құқығы және мүмкіндігі ретінде қарастырады. Оның түсінігінде билік – бұл тек формальды құқық немесе лауазым емес, сонымен қатар нақты адамдардың, олардың қауымдастықтары мен институттарының тағдырына тікелей әсер ететін әлеуметтік-қатынастар жүйесі. Билік субъектілерінің әрекеті мен шешімдері қоғам мен жеке тұлғалардың өміріне маңызды ықпал етеді.

Биліктің қоғамдағы рөлі мен мәнін зерттеу кезінде оның тұрақтылығы мен өзгергіштігін, сондай-ақ билік субъектілері мен объектілері

арасындағы қарым-қатынастардың динамикасын ескеруді ұсынады. Осылайша, билік феноменін жан-жақты түсіну әлеуметтік процестерді талдауға, басқару мен ықпал ету механизмдерін жетілдіруге мүмкіндік береді [11, 53 б.].

Қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси ойтұжырымдарда билік феноменін кешенді әлеуметтік механизм ретінде зерделеу кеңінен таралған. Осы тұрғыда ресейлік ғалым К.Гаджиевтің еңбектерінде билік ұғымы қоғамдағы тәртіп пен үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған, ортақәлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуді көздейтін күрделі құрылым ретінде сипатталады. Автордың пікірінше, билік тек құқықтық нормалар мен мәжбүрлеу құралдарына ғана емес, сондай-ақ сенімге, беделге және ұйымдастырушылық қабілеттерге сүйенеді.

Билік - әлеуметтік қатынастарды үйлестіру, қоғам ішіндегі компромистерді табу және қоғамдық тұтастықты сақтау құралдары. Билік құрылымының құрамына мәжбүрлеу, сендіру, манипуляция, бедел арқылы ықпал ету секілді түрлі тетіктер кіреді [12, 46 б.].

Аталған еңбекте Гаджиев «Гибридік соғыстар», «жұмсақ күш» (soft power) және «қатты күш» (hard power) секілді заманауи билік формаларын талдай келе, олардың дәстүрлі саяси құрылымдар мен әлеуметтік қатынастарға ықпал ету ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Мұндай ықпал ету тетіктері көбіне күштік әрекетке емес, ақпараттық, мәдени және экономикалық тетіктерге негізделеді. Оның билікке қатысты теориялық пайымдары билік ұғымын біржақты қараудан арылтып, оны әлеуметтік-саяси процестердің күрделі, динамикалық және көпдеңгейлі құралы ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, ресейлік саясаттанушы және саяси психолог А.Юрьев билік ұғымын тек саяси институттармен шектемей, оны психологиялық және әлеуметтік-философиялық тұрғыдан жан-жақты зерделеген. Оның пікірінше, билік - бұл қоғамның құрылымдары мен жеке тұлғалар арасындағы күрделі қатынастардың нәтижесі ретінде қарастырылатын көпқырлы әлеуметтік-психологиялық құбылыс.

Юрьев билік феноменін «адам – саясат – билік» деп аталатын үштік ретінде қарастырады. Бұл үлгіде:

- Адам - қоғамдық қатынастардың белсенді субъектісі, әлеуметтік әрекетті жүзеге асырушы;

- Саясат - әлеуметтік жадының, құндылықтардың және қоғамның ұйымдасуының кеңістігі;

- Билік - осы процестерді бағыттап, үйлестіру арқылы қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін ықпал ету механизмі ретінде көрінеді.

Юрьевтің пікірінше, осы үштік бір-бірімен тығыз байланыста болғанда ғана қоғамда толыққанды саяси қарым-қатынастар жүзеге асады. Сондай-ақ, билік феноменінің тек құрылымдық немесе институционалдық қырларымен ғана шектелмейтінін, оның саяси қатынастар мен адамдық фактор арасындағы күрделі динамикаға негізделетінін айқындайды [13, 75 б.].

Қазіргі таңда қалыптасқан саяси конъюктура жағдайындағы билік феноменінің ерекшеліктері туралы Генри Тиммс пен Джереми Хейманс «Жаңа билік: Әлемді кім басқарады және оны өз игілігіңе қалай жұмыс істеуге мәжбүрлеуге болады» атты кітабында автократия немесе классикалық элита билігінің орнына, «жаңа билік» ұғымын, яғни белсенділік және цифрлық мәдениет арқылы таралатын жаңа басқару парадигмасын ұсынады.

Тиммс пен Хейманс билікті екіге бөледі:

- Ескі билік (Old Power) – бұл ресурс ретінде қарастырылатын билік. Ол жинақталады, бақыланады және орталықтан басқарылады.

- Жаңа билік (New Power) – бұл тоқ тәрізді ағын. Ол ашық бүйеі арқылы таратылады, адамдардың белсенді әрекеті арқылы қалыптасады және жұмысдық күшке айналады.

Жаңа билік мәдениеті адамдардың өз тәжірибесі мен ресурстарын еркін бөлісуге, ортақ әрекеттер жасауға және өзара байланысты күшейтуге негізделеді. Бұл үдерістер әлеуметтік медиа, краудфандинг, краудсорсинг, онлайн-петициялар мен еріктілер қозғалыстары арқылы жүзеге асады. Тиімді көшбасшылық бұрынғыдай бұйрық беру емес, серіктестік құруға негізделуі тиіс [14, 32 б.].

Өз кезегінде, Қазақстанда жаңа билік элементтері біртіндеп көрініс табуда. Мысалы, «Ashyq», «E-Gov» секілді цифрлық қызметтер, Telegram арналары мен әлеуметтік желілердегі қоғамдық дискуссиялар азаматтық қатысудың жаңа формалары ретінде қалыптасып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұсынылған «Жаңа Қазақстан» және «Естуші

мемлекет» тұжырымдамалары билік пен халық арасындағы жаңа өзара әрекеттестік формаларын қалыптастыруға бағытталған. Аталған концепциялар әлемдік «жаңа билік» теориясымен үндесіп, биліктің ашықтық, қатысымдылық және азаматтық белсенділікке негізделген жаңа форматына көшуге талпыныс.

«Жаңа Қазақстан» – бұл саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйені жаңарту бағытындағы ұлттық стратегиялық бағдар. Бұл тұжырымдама 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен ұсынылды және әділеттілік, ашықтық пен заң үстемдігіне негізделген жаңа басқару моделін қалыптастыруды көздейді.

Басты мақсат – билік пен қоғам арасындағы сенімді күшейту, азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын арттыру. Бұл үшін саяси реформалар жүзеге асырылуда: Парламент пен мәслихаттардың өкілеттігі кеңейтіліп, Конституциялық сот құрылды, сайлау жүйесі өзгертілді.

«Жаңа Қазақстан» - бұл тек саяси реформа емес, қоғамдық келісім мен әділетті әлеуметтік қоғам құруға бағытталған жүйелі өзгеріс.

«Естуші мемлекет» концепциясы – Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың заманауи үлгісі болып табылады. Бұл модель билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, азаматтардың пікірлері мен ұсыныстарын мемлекеттік шешім қабылдау процесіне тікелей енгізуге бағытталған.

Дәстүрлі басқару жүйелерінде билік көбінесе біржақты бұйрық беру арқылы әрекет етсе, естуші мемлекет моделі – бұл басқарудың интерактивті, ашық әрі көпвекторлы формасы. Мұнда мемлекеттік органдар халықтың қажеттіліктерін мұқият тыңдап, олардың мәселелеріне жауап беруді міндет деп санайды.

«Жаңа Қазақстан» мен «Естуші мемлекет» тұжырымдамалары - биліктің эволюциялық дамуының ұлттық нұсқасы. Олар жаһандық «жаңа билік» теориясының қағидаларымен үйлесіп, Қазақстанды демократиялық және ашық басқару жүйесіне бастайтын маңызды кезең ретінде қарастырылады. Бұл тек саяси модернизация ғана емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекет арасындағы әлеуметтік келісімнің жаңа түрі [15].

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасын барлық мемлекеттік және қоғамдық-саяси институттары, азаматтық қоғамы қалыптасқан мемлекет деуге толық негіз бар. Дегенмен,

жаһандық өзгерістер билік тарапынан сауатты да салиқалы, халықтың мұң-мұқтажын уақтылы болжай білетін билік органдары болуының маңыздылығын көрсетеді.

### **Қорытынды**

Билік-оғание адамдарға көптеген артықшылықтар мен мүмкіндіктер беретін құбылыс болғандықтан, ол әрқашан тартымдылықтың және қызығушылықтың негізгі нысаны болып келеді. Шын мәнінде, билік иелері биліктің өзіне емес, сол билік арқылы алынатын игіліктерге, артықшылықтарға және адамдардың өміріне, мемлекеттегі оқиғаларға ықпал етуге ұмтылады. Бұл заңдылықты тарихтың қай кезеңінде де, әлемнің қай аймағында болса да, билікті өз уыстарында ұстамақ болмаған мемлекет басшыларының өмірлерінен анық көруге болады. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі қорытындылар мен тұжырымдарды жасауға болады:

Біріншіден, билік пен қарсылық - өзара байланысты ұғымдар. Билік бар жерде оған қарсы әрекет те болады. Қарсылық ашық түрде де (мысалы, наразылықтар), жасырын түрде де (мысалы, ішкі бойкот, саботаж) көрінуі мүмкін.

Екіншіден, биліктің легитимді болуы шарт. Қоғам тарапынан мойындалмаған билік ұзақ өмір сүре алмайды және жиі күш көрсету немесе басқа басқару түрлерімен алмастырылады.

Үшіншіден, ғаламдық үдерістер мен цифрлық технологиялардың дамуы дәстүрлі (ескі) иерархиялық билік формаларынан «жаңа» билік түрлеріне ауысуды туындатты. Бұл өзгеріс билік құрылымдарының ашықтығын, халықты тартуды және ықпал ету тетіктерін қайта қарастыруды талап етеді.

Жаңа билік - бұл орталықсыздандырылған, горизонталды сипаттағы, ағын секілді қозғалыста болатын билік формасы. Ол иерархиялық құрылымдарға емес, желілік байланыстарға сүйенеді. Мұндай билікті тартып алу мүмкін емес, оны еркін түрде тарту, тарату және қолдап отыру қажет. Бұл форманың көрінісі ретінде әлеуметтік желілерді, ашық ақпараттық платформаларды, ерікті қауымдастықтарды атауға болады. Мұнда билік адамдардың қатысуымен, сенімімен және бірлескен әрекетімен қалыптасады.

Оған қарама-қарсы - «ескі билік» үлгісі. Бұл - вертикальді, иерархиялық құрылымдарға

негізделген, жоғарыдан төменге қарай бақылау мен бұйрық беру принципіне құрылған модель. Мұндай билікте шешімдер аз топтың қолында шоғырланып, қатысушылардан тек бағыну талап етіледі.

Философиялық тұрғыдан алғанда, бұл екі модель адам мен биліктің арасындағы онтологиялық байланысты өзгеше түрде сипаттайды:

- Ескі билік – субъектіні объектіге айналдыру үрдісі;

- Жаңа билік – субъектінің субъектілік күйін сақтап, оны әрекетке шақыру.

Енді Қазақстан Республикасындағы биліктің ерекшеліктеріне келетін болсақ, оны біз тәуелсіздік алған кезеңнен бастау алған билік жүйесіндегі трансформациялар мен реформаларды зерделеуіміз тиіс. Бұл жылдары мемлекет өмірі мен түрлі салаларда бағдарламалық құжаттар мен жоспарлар жүзеге асырылды. Қол жеткізілген жетістіктер де аз болмады.

Сол кезеңдегі ең алдымен экономикалық дамуға басымдық берген мемлекеттік саясат пен кейбір маңызды шешімдердің өміршең еместігіне және олардың елдің тұрақты дамуына толықтай қызмет ете алмайтынын көрсетті.

2022 жылғы «Қаңтар оқиғасы» Қазақстанның саяси және әлеуметтік өміріндегі күрделі кезең болып, елдегі басқару жүйесінің кемшіліктері мен қоғамның кейбір топтарының мәселелерін айқын көрсетті. Бұл оқиға билік пен қоғам арасындағы сенімнің әлсіреуін, азаматтардың өзекті сұраныстарының толық ескерілмеуін, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық теңсіздік-тің өсуін жария етті. Соның нәтижесінде, «қаңтар оқиғасы» мемлекеттік басқару жүйесін реформалау, ашықтық пен есептілікті арттыру, азаматтық қоғам институттарын нығайту қажеттігін көрсеткен маңызды сигнал болды.

Оқиға Қазақстандағы саяси мәдениетті жетілдіру, мемлекеттік саясатты халықтың қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкестендіру бағытындағы реформалардың жеделдетілуіне түрткі болды. Сонымен бірге, бұл жағдай билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог орнатудың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, сондай-ақ әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етудің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қорыта келгенде, 2022 жылғы қаңтар оқиғасы Қазақстанның даму жолында маңызды тұстан өтті және елдің саяси жүйесін

жаңғыртуға, билік институттарының тиімділігін арттыруға, азаматтық белсенділікті қолдауға бағытталған кешенді өзгерістер енгізудің қажеттігін айқындады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қолға алынған «Жаңа Қазақстан» құру туралы бастамалар Қазақстанның саяси-әлеуметтік жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік әділдіктің орнауына және халықтың сенімін нығайтуға бағытталған маңызды қадам.

Жалпы алғанда, кез келген мемлекет өзгерістер мен даму үдерістерінен өтеді. Егер мемлекет трансформацияға икемділік танытпаса, оның даму әлеуеті сарқылып, тарихи сахнадан кету қаупі туады. Қай уақытта болмасын мемлекеттің эволюциялық немесе революциялық жолмен даму бағыты көбінесе билік иелерінің жүргізіп отырған саясатының тиімділігіне, саяси жүйенің тұрақтылығы мен икемділігіне, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына және жаһандық өзгерістерге уақтылы жауап беру қабілетіне тікелей байланысты болып қала бермек.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Павлова О. В. Феномен власти в контексте философско-культурологической рефлексии. – Белгород: Научные ведомости, 2012. – 168 с.
- 2 Платон. Государство / пер. с древнегреч. В. Н. Карпова. – М.: Эксмо, 2020. – 115 с.
- 3 Аристотель. Политика / пер. с древнегреч. С. А. Жебелева. – М.: АСТ, 2019. – 205 с.
- 4 Меликсетов А. В. (ред.). История Китая. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во МГУ; ИД «Оникс 21 век», 2004. – 135 с.
- 5 Васильев К. В. Истоки китайской цивилизации. – М.: Восточная литература, 1998. – 129 с.
- 6 Гоббс Т. Левиафан / пер. с англ. А. Гутермана. – М.: АСТ, 2021. – 32 с.
- 7 Макиавелли Н. Билеуші. – 1532. – 25 с.
- 8 Вебер М. Биліктің типологиясы // Экономика және қоғам. – Мюнхен, 1922. – 102 с.
- 9 Эктон, Лорд Дж. Еркіндік және басқа да эсселер / сост. Джон Невилл Фиггис. – Лондон: Macmillan and Co., 1907. – 135 с.
- 10 Робинсон Дж. А., Аджемоглу Д. Тар дәліз: мемлекеттер, қоғамдар және бостандық тағдыры. – Нью-Йорк, 2019. – 102 с.
- 11 Халипов Ф. Биліктің философиялық-әлеуметтік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 53 с.
- 12 Гаджиев К. С. Феномен концептуальной власти: саяси-философиялық талдау. – 2011. – 46 с.
- 13 Юрьев А. И. Психология власти. – М.: Наука, 1995. – 75 с.

14 Хейманс Дж., Тиммс Г. Жаңа билік: Әлемді кім басқарады және оны өз игілігіңе қалай жұмыс істеуге болады. – Нью-Йорк, 2018. – 32 с.

15 Тоқаев Қ. Ж. «Жаңа Қазақстан» және «Естуші мемлекет» тұжырымдамалары // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2022. – [Электронды ресурсы] URL: <https://www.akorda.kz/>

### Transliteration

1 Pavlova O.V. Fenomen vlasti v kontekste filosofskokul'turologicheskoy refleksii [The phenomenon of power in the context of philosophical and culturological reflection]. – Belgorod: Nauchnye vedomosti, 2012. – 168 s. (in Russ)

2 Platon. Gosudarstvo / per. s drevnegrech. V. N. Karpova [The Republic / translated from Ancient Greek by V. N. Karpov]. – M.: Jeksmo, 2020. – 115 s. (in Russ)

3 Aristotel'. Politika / per. s drevnegrech. S. A. Zhebeleva [Politics]. – M.: AST, 2019. – 205 s. (in Russ)

4 Meliksetov A.V. (red.) Istorija Kitaja [History of China]. – 3-e izd., ispr. i dop. – M.: Izd-vo MGU; ID «Oniks 21 vek», 2004. – 135 s. (in Russ)

5 Vasil'ev K.V. Istoki kitajskoj civilizacii [The origins of Chinese civilization]. – M.: Vostochnaja literatura, 1998. – 129 s. (in Russ)

6 Gobbs T. Leviatan / per. s angl. A. Gutermana [Leviathan]. – M.: AST, 2021. – 32 s. (in Russ)

7 Makiavelli N. Bileushi [The Ruler]. – 1532. – 25 s. (in Kaz)

8 Veber M. Biliktin tipologijasy [Typology of power] // Jekonomika zhane kogam [Economy and Society]. – Mjunhen, 1922. – 102 s. (in Kaz)

9 Jekton, Lord Dzh. Erkindik zhane baska da jesseler / sost. Dzhon Nevill Figgis [Liberty and other essays / compiled by John Neville Figgis]. – London: Macmillan and Co., 1907. – 135 s. (in Kaz)

10 Robinson Dzh. A., Adzhemoglu D. Tar daliz: memleketter, kogamdar zhane bostandyk tagdryy [The Narrow Corridor: states, societies and the fate of liberty]. – N'ju-Jork, 2019. – 102 s. (in Kaz)

11 Khalipov F. Biliktin filosofijalyk-aleumettik negizderi [Philosophical and social foundations of power]. – Almaty: Kazak universiteti, 2007. – 53 s. (in Kaz)

12 Gadzhiev K. S. Fenomen konceptual'noj vlasti: sajasi-filosofijalyk taldaу [The phenomenon of conceptual power: a political-philosophical analysis]. – 2011. – 46 s. (in Russ)

13 Jur'ev A. I. Psihologija vlasti [Psychology of power]. – M.: Nauka, 1995. – 75 s. (in Russ)

14 Kheimans Dzh., Timms G. Zhana bilik: Alemdi kim baskarady zhane ony oz igiligine kalaj zhymyst isteuge bolady [New Power: Who rules the world and how to make it work for you]. – N'ju-Jork, 2018. – 32 s. (in Kaz)

15 Toqaeв K. Zh. «Zhana Kazakstan» zhane «Estushi мемлекет» tuzhyrymdamalary [The concepts of “New Kazakhstan” and the “Listening State”] // Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty. – 2022. [Elektronды resurs] URL: <https://www.akorda.kz/> (in Kaz)

### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Ербол Серікбайұлы Күмісходжаев*

PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: yerbolkumis@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0009-0004-1514-1970>

*Айдана Женисқызы Ержанова*

PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан email: ayerzhanova180@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-6791-9025>

*Ербол Серікбаевич Кумисходжаев*

PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Казахский национальный университет әл-Фараби, Алматы, Казахстан, email: yerbolkumis@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0009-0004-1514-1970>

*Айдана Женисовна Ержанова*

PhD, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан email: ayerzhanova180@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-6791-9025>

*Yerbol Kumiskhojayev*

PhD Student, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan, email: yerbolkumis@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0009-0004-1514-1970>

*Aidana Yerzhanova*

PhD, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, email: ayerzhanova180@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-6791-9025>